

## ТУРИЗМ САЛАСЫНДА КЕЗДЕСЕТІН КҮРДЕЛІ ТЕРМИНДЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖӘНЕ СЕМАНТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

\*Аухадиева З.Ж.<sup>1</sup>, Асанова Г.С.<sup>2</sup>, Абдрахманова Қ.Ж.<sup>3</sup>

\*<sup>1</sup>ф.ғ.к., доцент, Алматы технологиялық университеті, Алматы, Қазақстан,

<sup>2</sup>PhD, профессор, Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ,

Алматы, Қазақстан,

<sup>3</sup>лектор, Алматы технологиялық университеті, Алматы, Қазақстан,

\*<sup>1</sup>e-mail: [zauresh.59@mail.ru](mailto:zauresh.59@mail.ru)

<sup>2</sup>e-mail: [mergen-2009@mail.ru](mailto:mergen-2009@mail.ru)

<sup>3</sup>e-mail: [karlyga.20@mail.ru](mailto:karlyga.20@mail.ru)

**Аңдатпа.** Мақалада қарастырылған туризм саласында пайда болған күрделі жаңа ұғымдар мен атаулар ғылым мен техниканың жылдам қарыштап дамуына байланысты өзгеріске ұшырап, тілдердің сөздік қорын байыта түсуде. Ұсынылып отырған туризм саласына байланысты кездесетін ағылшын тіліндегі күрделі терминдердің құрылымдық және семантикалық ерекшеліктеріне талдау жасау зерттеудің мақсатын айқындайды. Ағылшын тіліндегі туризм саласында кездесетін күрделі терминдердің ең жиі жасалу тәсілдерінің бірі - сөздердің бірігуі арқылы жасалатын терминдер екені анықталды. Зерттеу аясында қарастырылған 300 термин сөздің ішінде 200-і екі немесе үш компонентті термин сөздер болып отыр, әсіресе екі түбірден жасалған терминдердің жиі кездесетіні айқындалып, олардың жасалу жолдары ғылыми түрде зерделенді. Күрделі терминдердің пайда болуына лингвистикалық және экстралингвистикалық өзгерістер де әсерін тигізетіні және басқа лексемалардан басты айырмашылығы - олар көп мағыналы емес, бір ғана нақты мағыналы болып келетіні, оларда эмоционалды бояу, экспрессивті - стилистикалық қызмет болмайтыны белгілі болды. Термин сөздердің жаңа заттар немесе жаңа ұғымдармен бірге ену үрдісі тіл-тілде сөз алмасудағы басты және дағдылы құбылыс болып саналатыны жұмыстың ғылыми маңыздылығын көрсетсе, ғылыми жұмыстың тәжірибелік маңыздылығы зерттеудің нәтижелерін әдебиет, аударма саласында, арнайы мәтіндерді оқып-түсінуге, сөздіктер жасауда, ғылыми баяндамалар дайындау, туризм және мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі салалары бағдарламалары бойынша оқыту барысында пайдалануға болады.

Туризм саласында кездесетін үш компонентті терминдер баршылық, дегенмен жиі емес, бұл түпнұсқа тілінде сөйлейтін халықтың тілінің даму ерекшелігіне байланысты. Мақалада отандық және шетелдік ғалымдардың терминдерге, оның ішінде күрделі термин сөздерінің жасалу жолдарының ерекшеліктеріне тоқталған ғылыми көзқарастағы ой-пікірлері де талданған.

Зерттеу барысында алынған нәтижелер мен тұжырымдардың бірқатары терминдердің даму үдерісінің ғылыми принциптерін белгілеуге негіз бола алады. Аталған зерттеу жұмысында теориялық, салыстырмалы және талдау әдістері қолданылды. Берілген мысалдарды салыстыру арқылы оларға теориялық тұрғыдан құрылымдық және семантикалық сипаттама берілді.

**Тірек сөздер:** термин, туризм, ерекшелік, күрделі сөз, терминдік тіркестер, құрылымдық-семантикалық қатынас, ұғым, талдау әдістері

### Негізгі ережелер

Қазіргі әлемде болып жатқан жаһандық процестер әртүрлі салалардағы терминологияны зерттеудің өзектілігін бірнеше есе арттырып отыр, әсіресе туризм бағытында кездесетін терминдер сан жағынан да, сапа жағынан да өзгеріске ұшырауда, бірі пайда болып жатса, екіншісі қолданыстан шығып, ал үшіншісі тілімізге еніп жатыр, яғни термин сөздер лексикалық және семантикалық тұрғыда белсенділік көрсетіп жатыр.

### **Кіріспе**

Туризм деп адамның бос уақытында өз еркінше көңіл көтеру мен демалуы үшін, дүниенің тамаша көріністеріне куә болуға, суға түсіп және күнге қыздырынып рахаттану мен барған жерлерінің тарихымен, мәдениетімен, көрікті жерлерімен, әдет-ғұрыптарымен және дәстүрлерімен танысу үшін, соның нәтижесінде көптеген жағымды әсерлер алуын атаймыз.

Туризм - қосымша жұмыс орындарын құрудың, жол және қонақ үй құрылысының дамуын жеделдетудің, көліктің барлық түрін шығаруды ынталандырудың, аймақтар мен елдердің халықтық қолөнері мен ұлттық мәдениетінің сақталуына ықпал ететін негізгі факторлардың бірі, бұл оның маңыздылығын білдіреді. Қазіргі кезде туризм экономиканың барлық салаларының дамуына өз ықпалын тигізуде, әсіресе көлік қатынастары мен байланыс құралдары, қалың ел тұтынатын күнделікті тауарлар өндірісі мен шаруашылық салаларының түрлі тараптары, мейрамхана және қонақ үй бизнесінде туризмнің алатын орны ерекше, яғни туризм кез келген елдің экономикалық және әлеуметтік жағынан дамуына зор үлесін қосатын негізгі катализатор ретінде қарастырылып келеді. Өз кезегінде туризмнің дамуына әсер ететін маңызды сыртқы факторлардың бар екенін айта кету керек, олардың қатарына мыналар жатады: географиялық, мәдени-тарихи, экономикалық, әлеуметтік, халықтың білім, мәдениет және эстетикалық деңгейлері демографиялық, саяси-құқықтық, технологиялық және экологиялық. Ал географиялық факторларға -теңіз, таулар, ормандар, флора, фауна, климат және туризмді дамытудың әлеуметтік факторларының қатарына арттыру жатады. Туризм өндірісіне тән және осы салаға қатысы бар арнайы сөздер мен сөз тіркестерін туризм саласындағы терминдер деп атаймыз. Термин (латын тілінен енген – *шекара*, *шет* дегенді білдіреді). Жалпы, терминдер объектілердің, құбылыстардың, олардың қасиеттері мен қатынастарының сол салаға тән мамандандырылған, шектеулі белгілер ретінде қызмет етеді. Олардың лексикалық мағынасы бар сөздерден айырмашылығы көбінесе түсініксіз және эмоционалды бояуға ие, ал қолдану аясындағы терминдер бір мәнді және экспрессивтен жұрдай болып келеді. Ал ғылыми ой-пікірді дәл білдіру үшін сөздің мағынасы тұрақты, айқын болуы қажет, сондықтан сөздердің мағыналық шегін дәл белгілеп, оларды нақтылы бір мағынада ғана алып қолданыста пайдалану термин сөздердің ерекшеліктерін көрсетеді. Терминдердің басқа сөздерден айырмашылығы, олар көбінесе ұлтына және тіліне қарамастан барлық адамдарға түсінікті болып келеді және арнайы бір салаға тиісті екенін білдіреді. Термин ретінде қолданылатын сөздердің негізіне үнілсек, үнемі олар мағынасы тұрақты, өзгеріске

ұшырамайтын, ғылым мен техниканың белгілі бір саласына негізделіп, сол аяда қолданылады. «Термин - бұл арнаулы қолданыс саласындағы ғылыми немесе өндірісті-технологиялық ұғымның атауы болып табылатын және дефинициясы бар сөз немесе сөз тіркесі» [1,25 б.].

### **Зерттеу материалдары мен әдістері**

Зерттеу материалдары ағылшын тіліндегі туризм саласында кездесетін терминдермен айқындалды. Ғылыми жұмысты орындау барысында салыстырмалы, теориялық және талдау әдістері қолданылды.

### **Талдау қорытындысы**

Ағылшын тіліндегі туризм саласында кездесетін күрделі терминдердің жасалуының ең өнімді тәсілдерінің бірі – сөздердің бірігуі арқылы жасалатын сөздер екені анықталды. Зерттеу аясында қарастырылған 300 термин сөздің ішінде 200-і екі немесе үш компонентті термин сөздер болып отыр, әсіресе екі түбірден жасалған терминдердің жиі кездесетіні айқындалып, олардың жасалу жолдарына талдау жүргізіліп 10 модель бойынша қолданылатыны айқындалды.

### **Талқылау**

Тілде жаңа ұғымдар мен атаулардың пайда болуы ғылым мен техниканың жылдам дамуымен, сонымен қатар лингвистикалық және экстралингвистикалық өзгерістермен тығыз байланысты. Осы тұрғыда жиырма бірінші ғасыр ғылым мен техниканың ең жоғары кемелденген кезеңі екенін ескерсек, яғни термин сөздерде олармен жарыса одан әрі дамып, тілдердегі сөздік қорды байыта түсуде.

Қолданыстағы туризм саласында кездесетін ағылшын тілінің күрделі термин сөздерінің жасалу жолдарын зерттеу және оларға құрылымдық-семантикалық сипаттама беру ғылыми жұмыстың негізгі мақсатын айқындайды.

Ағылшын тіліндегі туризм саласында кездесетін күрделі терминдердің көбі әртүрлі сөз таптарынан тұратын екі түбірден жасалған терминдер екені айқындалды, оларды кейде екі компонентті термин сөздер деп те атай береді. Мысалы, *motorbike, railway, underground, airport, steakhouse, suitcase, cheerful, beachside, countryside, nightclub landmark, timetable, holiday, rucksack, doorman, airline, platform, foodtray, oxygenmask, turndown, waterproof* т.б. сөздерінде бірінші компонент мағынаны ашудың негізі болып тұр. Ал үш немесе одан да көп компонентті біріккен сөздерді кездестірдік, бірақ өте аз, мысалы *holidaymaker* сөзі үш түбір сөзден құралып «дем алушы» деген мағынаны білдіріп тұр.

Күрделі термин сөздердің құрамына үнілсек олардың әртүрлі сөз таптарынан жасалғанын төмендегі модельден байқауға болады.

#### **1. Зат есім + зат есім**

air + port, tourist + agency

#### **2. Сын есім + Зат есім**

informal + dress

**3. Зат есім + сын есім**

comfort + able

**4. Предлог + зат есім/етістік**

under + ground, over + book

**5. Етістік + зат есім**

swim + pool, drive + through

**6. Зат есім/етістік + предлог**

check + in, check + out

**7. Есімше + зат есім**

swimming + board

**8. Сын есім + сын есім**

true + blue

**9. Зат есім + үстеу**

duty + free

**10. Зат есім + and + зат есім**

health + and + fitness

«Қазіргі лингвистиканың маңызды мәселелерінің бірі болып, тілдердің өзара байланысы мен өзара ықпалы болып табылады. ХХІ ғасырдың басы ағылшын тілінің халықаралық қарым-қатынас тіліне айналып, халықаралық қатынастар саласының кеңеюімен сипатталады, әлемдегі ағылшын тілінде сөйлейтін елдердің маңызды саяси-экономикалық рөлі, олардың қызметінің кейбір салаларындағы мәртебесі мен қолданылуын арттырды» [2,131 б.].

Ағылшын тіліндегі термин сөздерінің жасалу жолдары қазақ тіліне қарағанда өзгешелеу болып келеді. Қазіргі заман талабына сай техника және өмірдің барлық салаларында қарқынды даму прогресі байқалуда, осыған байланысты тілде де, оның ішінде ағылшын тілінде де өзгерістер пайда болуда, мысалы, бір кездері бөлек жазылған күрделі сөздер қазір дефис арқылы жазылуда немесе керісінше, ал кейде жергілікті тіл ерекшеліктеріне байланысты сөздер біресе бірігіп келіп күрделі терминдер құраса, бірде олар тіркесе келе сөз тіркестеріне айналуға, себебі тілдер де жанды заттар сияқты азаяды немесе сөз қорын дамытып отырады, ал ағылшынның тіл білімі саласындағы лингвист-ғалымдардың айтуы бойынша аталған ауытқушылықтар мен құбылыстар американдық немесе ағылшындық нұсқаға байланысты деп түсіндіруде. Терминдер саласын терең зерттеген ғалым Виноградов В.В. оларды термин сөздер және терминді тіркестер деп екіге бөлген.

Ағылшын тіліндегі күрделі термин сөздердің дефис арқылы жасалатынын да тілге тиек еттік, яғни морфологиялық құрылымына келсек олардың екі, үш компонентті болып келетінін байқадық. Мысалы, *call-bell, eco-resort, an ocean-front restaurant, well-traveled, non-smoking compartment, duty-free, entry-level, cash-only, all-inclusive, self-catering holiday, buy-back policy, first-aid kit, nature-based tourism, long-distance call*.

Осы тұрғыда келтірілген мысалдардың басым көпшілігі есімдік, есімшелі, етістікті және предлогты тіркестер болып келеді және кейбір күрделі

тіркестердің жазылуы үш түрлі нұсқада беріледі, мысалы: *customhouse, custom-house, custom house*. Дефистің қолданылуы, қолданылмауы ағылшындық немесе американдық жазу ережелеріне байланысты болуы керек, бұл жағдай күрделі терминдердің графикалық формасының бір жүйеге келтірілмеуі - зерттеуде қиындықтардың пайда болуына әкеледі. Модельдегі әр түрлі сөз таптарынан жасалған күрделі терминдердің мағынасын нақтылаудың негізгі тетігі - бірінші компонентке байланысты.

Ағылшын тілінің тағы бір ерекшелігіне *off, in, out, over, through, with* сияқты префикс немесе суффикс арқылы жасалған күрделі термин сөздері де жатады, олар сөздің алдында да және артында тұрып та күрделі тіркестер жасай береді және предлог ретінде де қолданылады, мысалы: *cordon off, check in, fly in, walk in, break in, check out, pick out, stay over, drive through, overcharge, overbook, outbreak, upper deck, round trip, withdraw, upgrade, off season, outskirts, overhead bin, overseer, on call, in room* [3]. Предлогтар күрделі терминнің компоненттері арасындағы құрылымдық-семантикалық қатынасты көрсететін сөздерді байланыстырады.

Ағылшын тілінде *and* сөзі кейбір күрделі тіркестерді жасауға өз ықпалын тигізеді, мысалы, *meet and greet, cash and carry, bed and breakfast, pros and cons, time and again, health and fitness tour* деген тіркестерде *and* екі сөзді бір бірімен байланыстырып тұр. Мұндай терминдерді лингвист - ғалым Гринев С.В. жаңа және кейіннен қалыптасқан ұғымдарды атау үшін терминдер ретінде қолданылатын, бірақ терминге қойылатын негізгі талаптарға сәйкес келмейтін арнайы тіркесті термин сөздер деген тұжырымға келіп отыр [4]. Тағы бір айта кететін жайт *and* жалғаулықты шылаумен кездесетін күрделі терминдер бір бірімен салаласа байланыстын модельге негізделген.

Ағылшын тілінде кездесетін кейбір күрделі сөздер мен сөз тіркестерінің арасында мағыналары жағынан бір-біріне ұқсас келеді. Мысалы, *go on a trip* деген сөзді *go on an expedition* деп айтуға болады, ал *locomotion* деген сөзді *self-propelled movement* деп айтуға болады.

Ағылшын тілінде кейбір жекелеген сөздер күрделі сөздер жасауға өз ықпалын тигізеді, яғни тіркесті сөздер жасауға бейім болып келеді. Мысалы, *rail* сөзімен *rail station, rail rush, rail bird, rail bus, rail roads, rail cars, rail way, rail heads* деген күрделі сөздер пайда болғанын көрдік. Ал *check* сөзі *checklist, checkpoint, checkbox, checkable, check in* сөздерін жасауға ұйтқы болды.

Белгілі бір құрылымдық-семантикалық қатынастарда бір-бірімен байланысты сөздердің негіздерінен пайда болатын күрделі сөздер үлкен қызығушылық тудырып отыр. Күрделі сөздің компоненттері арасындағы құрылымдық-семантикалық қатынастар фразадағы сөздердің семантикалық-құрылымдық қатынастарының өзіндік нұсқасы болып табылады [5]. Мысалы, *Do not disturb sign* сөз тіркесі «мазаламаңыз», *out to lunch* «түскі асқа шықты», *thank you note* «алғыс хат», *put out cigarette* «темекіні сөндір» сияқты сөз тіркестері формасына қарамастан өздерінің семантикалық тұлғасын сақтап қалып тұр.

Туризм саласында кездесетін адам аттары күрделі тіркестерге айналып, туристік орындардың атауына айналғанын да көрсету керек, себебі олар

белгілі бір оқиғаға байланысты адамдар көп баратын және тамашалайтын жердің маршрутына айналып отыр, мысалы *Disneyland* білмейтін адам жоқ, ал сол жерді көру үшін туристер сонау жердің түбінен болса да барады. *Disneyland* күрделі сөзі Уолт Дисней деген адамның тегіне байланысты шыққан екен, оның тарихына көз жүгіртсек 1930-1940 жылдары Уолт Дисней қыздарымен бірге түрлі ойын-сауық саябақтарына барғаннан кейін Диснейленд тұжырымдамасын жасады. Ол бастапқыда Бербанктегі студияларының жанына барғысы келген жанкүйерлердің көңілін көтеру үшін туристік орын салуды көздеген екен, сонымен *Disney* сөзіне *land*-жер деген сөз қосылып күрделі термин бола қалды. *Alberhill* деген туристік орын Эльсинор көлінен солтүстік-батысқа қарай 1234 фут (376 м) биіктікте орналасқан және Альберс, Джеймс және Джордж Хиллдің есімімен аталған.

Күн сайын бұқаралық ақпараттарда туризм, экономика мен өмірдің басқа салалары туралы айта отырып, сөйлеу мәдениетімізге жаңа сөздер енгізуде және олардың ақырындап тілімізде қолданыс табуы қажеттіліктен туындаған құбылыс болып саналады.

Интернационализм сөздері тобының ішінде латын, француз тілдерінің элементтері, кейде осылардың қосындысымен жасалған сөздер де жиі ұшырасады. Жалпы туризм саласында француз тілінен енген сөздер жиі қолданылады, себебі туризм сөзінің өзі француз тілінен алынған және *tourisme, tour-ceryuendeu, жол жүру* дегенді білдіреді, себебі Франция елінде туризм елдің экономикасында аса маңызды, ақша табудың көзі деп айтуға болады. Франция елінде жылына 77 миллион басқа елден келген туристер келеді. Француз тілінен келген туризм сөздері: *a la carte, pensionnat, hotel, motel, tracto* және т.б.

Ағылшын тілінде қысқарған сөздер өте жиі кездеседі, себебі күрделі сөздер ағылшын тілі сөз қорының үлкен бір бөлігін құрайды. Сөздердің қысқарып барып бірігу жолы ғылым мен техниканың аса күшті қарқынмен дамуының әсерімен байланысты. Тілдік құралдарды үнемдеу мақсатында терминологиялық тіркестер қысқартылып, бұл әріптік аббревиатуралар мен күрделі қысқартылған сөздердің қалыптасуына әкеліп отыр [6].

Тіл қоғамда болып жатқан барлық өзгерістерге сезімтал, сондықтан аббревиатураларды қарқынды қолданудың себептері сөздердің тілде қысылуға, үнемдеуге деген ұмтылысты, сондай-ақ ғылым мен журналистика тілінен ауызекі сөйлеуге ауысатын жаңа күрделі ұғымдардың пайда болуын қамтиды. Ағылшын тілі қазіргі ғылыми зерттеулер мен халықаралық қатынастардың алдыңғы қатарында келе жатқан тіл ретінде тез дамып келе жатқан лексикамен сипатталады. Жаңа лексикалық бірліктердің тілдерге жылдам енуі- аббревиатураның арқасында жүзеге асып отыр.

Қысқарған сөздер деп ұйым, мекеме аттарын, құрал, жабдықтардың атауын, өлшем бірліктерін білдіретін сөздерді атаймыз. Күрделі атаулар сөйлеу тілімізде де, жазу тілімізде де бірде толық, бірде қысқартылып қолданылады. Қысқарған сөздерді тіл ғылымында аббревиатура дейді, оларға ATM, ID, GPS, PIN, VIP мысалдарын келтіруге болады.

Ағылшын тіліндегі қысқарған күрделі термин сөздерінің тағы бір ерекшелігі - бірінші әрпінің қысқартылған бас әріптермен жазылып, екінші сыңарларының толық сөздермен берілуі, мысалы, *X-Ray machine*, *PBX - Operator Service*, *AKA Beer City*, *The US Virgin Islands*, дегенмен біз зерттеген терминдер арасында осындай мысалдар туризм саласында онша көп кездесе қоймады.

### **Нәтижелер**

Бұдан шығатын қорытынды әр тілдің өз ерекшеліктері бар, себебі тіл - ұлттың тірегі, асыл қазынасы, рухани мұрасы деп бекер айтпаған халық. Тілді әмбебап құрал ретінде пайдалана отырып біз басқа елдің, халықтың, ұлттың төл мәдениетімен танысамыз, яғни тіл арқылы мәдениаралық қарым-қатынасқа түсеміз [7]. Әрбір тілдің сөздік қор ерекшелігі, ең алдымен, сол тілдің аталымдық қызмет атқара алатын тілдік бірліктер жасалымындағы техникалық мүмкіндіктерімен айқындалады. Дегенмен, аталымның негізгі тәсілдері (деривация, сөз тіркесі, сөздердің семантикалық өзгеріске түсуі, сөздердің қысқартылуы, басқа тілдерден кірме сөздер қабылдау) кез келген тілдің аталымдық құралдар жүйесінде басты орын алып, универсалдық тәсілдер болып табылады. Осыған орай, түрлі тілдердің сөздік қор өзгешелігі атаулану тәсілдер түрлілігімен емес, олардың өнімді-өнімсіз қасиеті тұрғысынан өлшенеді. Мәселен, қазіргі таңда ағылшын тілінде ең жоғары өнімділік танытып жүрген аббревиация құбылысының кейбір түрлері қазақ тілінде байқалмайды. Туризм саласында кездесетін күрделі термин сөздер өздерінің семантикалық және формальды құрылымында ұғымдар мен олардың белгілерінің күрделі байланысын көрсетеді.

### **ӘДЕБИЕТ**

- [1] Гринев С.В. Введение в терминоведение. – М.: Академия, 2008. – 304 с.
- [2] Туребаева А.Е. Кірме сөздердің лингвомәдени сипаты және оны аудармада қолданылуы // Молодой ученый. – Алматы, 2015. – № 1 (81). – 131-132 б.
- [3] Evans V. Tourism. – Oxford.: Oxford University Press, 2016. – 39 p.
- [4] Худишина Е.А. Особенности словообразования сложных терминов в английском языке. // Вестник Оренбургского государственного университета. – №3(191). – 2016. – С. 50-52
- [5] Рист М. Структурный и словообразовательный анализ терминологии в сфере авторского права (на материале английского языка). Магистерская диссертация. – Санкт-Петербург, 2017. – 83 с.
- [6] Минасова С.Г. Тіл және мәдениетаралық коммуникация. – Астана, 2018. – 360 б.

### **REFERENCES**

- [1] Grinev S.V. Vvedenie v terminovedenie (Introduction to terminology). M.: Academy, 2008. 304 p. [In Rus.]
- [2] Turebaeva A.E. Kirme sozderding lingvomadeni sipaty zhane ony audarmada qoldanylyuy (Linguocultural character of introductory words and their use in translatio). Molodoy uchenyy. Almaty, 2015. № 1 (81). pp. 131-132. [In Kaz.]
- [3] Evans V. Tourism. – Oxford.: Oxford University Press, 2016. 39 p.

[4] Hudishina E.A. Osobennosti slovoobrazovaniya slozhnyh terminov v angliyskom yazyke (Wordformation ways of complex terms in English). Vestnik Orenburgskogo gosudarstvennogo universiteta. №3(191). 2016. P.50 -52. [In Rus.]

[5] Rist M. Strukturnyy i slovoobrazovatelnyy analiz terminologii v sfere avtorskogo prava (na materiale angliyskogo yazyka) (Structural and wordformation analysis of terms in the sphere of copyright): masterskaya dissertatsiya. Sankt-Peterburg. 2017. P. 83. [In Rus.]

[6] Minasova S.G. Til zhane madenietarlyq kommunikaciya (Language and intercultural communication). Astana, 2018. 360 p. [In Kaz.]

## **СТРУКТУРНО-СЕМАНТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ СЛОЖНЫХ ТЕРМИНОВ В СФЕРЕ ТУРИЗМА**

\*Аухадиева З.Ж.<sup>1</sup>, Асанова Г.С.<sup>2</sup>, Абдрахманова Қ.Ж.<sup>3</sup>

\*<sup>1</sup>к.ф.н., доцент, Алматинский технологический университет,  
Алматы, Казахстан,

<sup>2</sup>Phd, профессор, КазУМОиМЯ имени Абылай хана, Алматы, Казахстан,

<sup>3</sup>лектор, Алматинский технологический университет, Алматы, Казахстан,

\*<sup>1</sup>e-mail: [zauresh.59@mail.ru](mailto:zauresh.59@mail.ru)

<sup>2</sup>e-mail: [mergen-2009@mail.ru](mailto:mergen-2009@mail.ru)

<sup>3</sup>e-mail: [karlyga.20@mail.ru](mailto:karlyga.20@mail.ru)

**Аннотация.** В статье рассматриваются новые понятия и сложные наименования, появившиеся в сфере туризма, которые претерпевают изменения в связи с быстрым развитием науки и техники, они обогащают словарный запас языков. Анализ структурно-семантических особенностей сложных терминов английского языка, встречающихся в сфере туризма, определяет цель исследования. Установлено, что одним из наиболее продуктивных способов образования сложных терминов является слияние слов. Из 300 рассмотренных терминов 200 слов оказались двух-, трехкомпонентными терминами, в частности было определено, что термины из двух корней являются наиболее распространенными.

На появление сложных терминов оказывают влияние как лингвистические, так и экстралингвистические изменения, главное их отличие от других лексем состоит в том, что они многозначны, имеют только один специфический смысл, в них отсутствует эмоциональная, экспрессивно – стилистическая окраска. Процесс внедрения слов-терминов с появлением новых предметов или понятий является главным и привычным явлением в языковом словообразовании, и в этом заключается научная значимость работы. Практическая ценность научной работы заключается в том, что результаты исследования могут быть использованы в области литературы, перевода, чтения и понимания специальных текстов, в разработке словарей, подготовке научных докладов, в процессе обучения по образовательным программам в сфере туризма, ресторанного дела и гостиничного бизнеса.

Выявлены трехкомпонентные термины в сфере туризма, но их немного, что обусловлено спецификой развития языка населения, говорящего на языке оригинала. В статье представлены научные точки зрения и взгляды отечественных и зарубежных ученых, посвященные терминам, в том числе особенностям способов образования сложных слов-терминов.

Ряд результатов и выводов, полученных в ходе исследования, могут служить основой для установления научных принципов процесса развития терминов. В данной исследовательской работе были использованы теоретический, сравнительный и аналитический методы. Путем сравнения приведенных примеров было дано их теоретическое структурное и семантическое описание.



**Ключевые слова:** термин, туризм, специфика, сложное слово, терминологические сочетания, структурно-семантическое описание, понятие, методы анализа

## **STRUCTURAL AND SEMANTIC FEATURES OF COMPLEX TERMS IN THE FIELD OF TOURISM**

\*Aukhadieva Z.Zh.<sup>1</sup>, Assanova G.S.<sup>2</sup>, Abdrakhmanova K.Zh.<sup>3</sup>

\*<sup>1</sup>Cand.of philol.sc., associate professor, Almaty Technological University,  
Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup>PhD, professor, Ablai khan KazUIR and WL, Almaty, Kazakhstan

<sup>3</sup>lecturer, Almaty Technological University,  
Almaty, Kazakhstan

\*<sup>1</sup>e-mail: [zauresh.59@mail.ru](mailto:zauresh.59@mail.ru)

<sup>2</sup>e-mail: [mergen-2009@mail.ru](mailto:mergen-2009@mail.ru)

<sup>3</sup>e-mail: [karlyga.20@mail.ru](mailto:karlyga.20@mail.ru)

**Abstract.** The article deals with new concepts and names that have been appeared in the field of tourism which change due to the rapid development of science and technology, and they enrich the vocabulary stock of the languages. The aim of the article is to analyze structural and semantic features of complex English terms in the field of tourism. It is considered that one of the productive forms of formation of complex terms is merging. 200 terms from 300 covered terms in the research are two-, three-component terms, and two-component terms is very popular in the field of tourism.

Linguistic and extralinguistic changes influences for the formation of complex terms and their main differences from other lexemes and they become polysemantic, possess only the central meaning, they do not have emotional, expressive and stylistic functions. The scientific novelty of the work is the process of forming new terms takes place because of the occurrence of new objects and new concepts. The practical significance of the work is that the results of the research might be used in the field of literature, translation, reading and comprehension of specialized texts, for the compiling of dictionaries, preparing of scientific proposals and reports, in teaching process of tourism and catering service.

There are a number of terms which has three-components in the field of tourism, but the case is few. It depends on the language development specificity of the source language. The article also covers scholarly views of home and foreign scientists who dealt with terms, especially formation of complex terms.

The results and conclusions which have been identified in the process of research might be a basis for the establishment of scientific principles of terms development. Theoretical, contrastive and analytical methods have been used in the given research. They have been identified theoretically, structurally and semantically by means of comparison.

**Keywords:** term, tourism, specificity, compound word, complex terms, structural and semantic features, concept, methods of analysis

*Статья поступила 17.03.2022*